

Денсаулық – зор байлық

**Денсаулық күніне орай
Ы. Алтынсарин атындағы
Арқалық мемлекеттік
педагогикалық институ-
тының дене шынықтыру
және спорт кафедра-
сы мен «Барыс» спорт
клубы, сондай ақ, тәрбие
жұмысы басқармасы-
ның ұйымдастыруымен
студенттер арасындағы
спартакиада өтті.**


Спорттық шараға барлық мамандықтағы 300-ден астам бірінші курс студенттері қатысты. Ондағы мақсат: студенттер арасында салауатты өмір салтын насихаттау, жастарды спорт үйірмелеріне қатысуға қызығушылығын арттыру.

Студенттердің спортқа деген қызығушылықтарын арттырып, үгіт насихат жүргізу.

Іс-шараны оқу және ғылыми жұмыс жөніндегі проректор Нұрлыхан Мұқанұлы салтанатты түрде ашып, институт салауатты өмір салтын және бұқаралық спортты дамытуға үлкен мән беретіндігін атап өтті. Ол барлық қатысушыларды құттықтап, барлығына сәттілік тіледі. «Денсаулық күні» спорт мерекесі барлық спорт және салауатты өмір салтын ұстанатындарға керемет сыйлық болды. 4 спорт түрінен: жеңіл атлетика, шағын футбол, үстел теннисі және баскетбол спорт түрлері бойынша жарыстар өтті.

Жеңіл атлетика бойынша 2000 м қашықтықта ер балалар арасында 1 орынды тарих және өнер факультеті, 2 орынды жаратылыстану және ақпараттандыру факультеті, 3 орынды педагогика филология факультеті жеңіп алды. Сол сияқты 1000 м қашықтықта қыз балалар арасында 1 орынды жаратылыстану және ақпараттандыру факультеті, 2 орынды педагогика филология факультеті, 3 орынды тарих және өнер факультеті жеңіп алды. Шағын футбол жарысында 1 орынды жаратылыстану және ақпараттандыру факультеті, 2 тарих және өнер факультеті, 3 орынды педагогика филология факультеті жеңіп алды.

Үстел теннисі жарысына екі ер бір қыз бала қатысқан болатын. Жалпы командалық есепте



1 орынды тарих және өнер факультеті, 2 орынды жаратылыстану және ақпараттандыру факультеті, 3 орынды педагогика филология факультеті алды.

Баскетбол жарысында ер және қыз балалар арасында жарыс өтті. Қыз балалар арасында жаратылыстану және ақпараттандыру факультеті 1 орынды жеңіп алса, 2 орынды тарих және өнер факультеті, 3 орынға педагогика филология факультеті ие болды. Ер балалар арасында 1 орынды тарих және өнер факультеті, 2 орынды

педагогика филология факультеті, 3 орынды жаратылыстану және ақпараттандыру факультеті иеленді.

Студенттер жарысқа жетекшілерімен толық құрамда қатысты. Жарыс соңында спорттың жеке түрлері және команда бойынша жеңімпаздарға мақтау қағаздары табыс етілді. Мұндай жарыстар мен спорттық сайыстарды орталығымызда жыл сайын өткізіп тұру дәстүрге айналған.

**Нұрсұлтан ҚОШАНОВ,
Аға оқытушы, п.ғ.м.
АрқМПИ.**